

## Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2019 жылғы 24 мамырдағы № 5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 мамырда № 6388 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 31.05.2024 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кәріздік коллекторда орын алған апатқа байланысты Екібастұз қаласында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары Х. А. Хабылбеков төтенше жағдайды жоюдың басшысы болып тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары Х. А. Хабылбековке жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*Н. Ашимбетов*